

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕР НАРЫҒЫ ДАМУЫНЫҢ
ЖАҢА КЕЗЕҢІ**

**НОВЫЙ ЭТАП РАЗВИТИЯ ЗЕМЕЛЬНОГО РЫНКА
В КАЗАХСТАНЕ**

**NEW STAGE OF LAND MARKET DEVELOPMENT
IN KAZAKHSTAN**

Г.К. ҚҰРМАНОВА

экономика ғылымдарының докторы, доцент
С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті

Аңдатпа. Республикадағы дербестігін алған сәттен бастап жер нарығының қалыптасу және даму кезеңдері зерттелген. «Нақты 100 қадам» Ұлттық жоспарында алға қойылған ауыл шаруашылығына негізделген жерлерді тиімді пайдалану саласындағы мәселелер қарастырылған. Ұсынылған өзгертулерге қатысты тұрғындардың наразылығын тудырған Қазақстан Республикасының Жер кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Қазақстан Республикасының № 389-V 2.11.15 Заңындағы» негізгі ережелер қарастырылған. 29.11.17 ж. ҚР Парламент Мәжілісінің пленарлық отырысының бірінші қараламында мақұлданды, шетел азаматтарына, азаматтығы жоқ тұлғаларға, шетел азаматтарымен немесе азаматтығы жоқ тұлғалармен некеге тұрған ҚР азаматтарына, шетелдік заңды тұлғаларға және шетелдік үлестік қатысуы бар заңды тұлғаларға шекара маңы аймағында орналасқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді беруге тыйым салуды қарастыратын жаңа заңның негізгі ережесі берілген. Ауыл шаруашылығына арналған жер нарығының ҚР Жер Кодексіне енгізілген кейбір түзетулерге жарияланған мораторий (31.12.2021 ж. дейінгі) жағдайындағы қазіргі жағдайы көрсетілген. Мораторийді енгізбес бұрын шетелдік үлестік қатысуы бар кәсіпорындарға жалға беріліп қойған жерлер облыстар қимасында талданған. А/ш жерлерін шетелдіктерге жалға беру мәселесін ауыл шаруашылығына және агроөнеркәсіптік кешенге инвестиция тарту құралы ретінде қарау бойынша ұсыныстар берілген.

Аннотация. Изучены и охарактеризованы этапы формирования и развития земельного рынка в республике с момента обретения суверенитета. Рассмотрены задачи в области рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, поставленные в Плане Нации – 100 конкретных шагов. Рассмотрены основные положения Закона РК «О внесении изменений и дополнений в Земельный кодекс» от 2.11.2015 года, который вызвал массу недовольств, высказанных населением в отношении предлагаемых поправок. Изложены основные положения нового законопроекта, одобренного в первом чтении на пленарном заседании Мажиліса Парламента РК 29.11.17 г., который предусматривает запрет на предоставление земель сельскохозяйственного назначения, расположенных в пограничной зоне, иностранцам, лицам без гражданства, гражданам РК, состоящим в браке с иностранцами или лицами без гражданства, иностранным юридическим лицам и юридическим лицам с иностранным долевым участием. Изложено современное состояние развития рынка земель сельскохозяйственного назначения в условиях действующего моратория на некоторые поправки Земельного Кодекса РК (до 31.12.2021 года). Проанализировано наличие у иностранных землепользователей земель сельскохозяйственного назначения до введения моратория в разрезе областей и предприятий с долевым участием иностранцев. Даны рекомендации по рассмотрению вопроса предоставления с/х земель в аренду иностранцам, как дополнительный инструмент привлечения инвестиций в сельское хозяйство и агропромышленного комплекса.

Abstract. The stages of formation and development of land market in the republic since the moment of gaining sovereignty have been studied and characterized. The objectives in the field of rational use of agricultural land set in the National Plan - 100 specific steps have been considered. The main provisions of the Law of the Republic of Kazakhstan "On Amendments and Additions to the Land Code" dated 2.11.2015, which caused a lot of discontent expressed by the population with regard to the proposed amendments, have been considered. The main provisions of the new draft law approved in the first reading at the plenary session of the Majilis of the Parliament of the Republic of Kazakhstan on 29.11.17, which provides a ban on granting agricultural land which is located in the border zone, to foreigners, persons without citizenship, to citizens of Kazakhstan who are married to foreigners or persons without citizenship, foreign legal entities and legal entities with foreign ownership. The present state of development of agricultural land market is described in the current moratorium on some amendments to the Land Code of the Republic of Kazakhstan (until 31.12.2021). The availability of agricultural land for foreign land users has been analyzed prior to the introduction of a moratorium in terms of regions and enterprises with participation of foreigners. Recommendations on consideration of the issue of providing agricultural land for rent to foreigners, as an additional tool to attract investment in agriculture and agro-industrial complex.

Түйінді сөздер: агроөнеркәсіптік кешен, жер қатынастары, жерді жалға беру, жерді жеке меншікке алу, ауылшаруашылық мекемелер, үлестік қатынас, шетелдіктер, инвестициялар.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, земельные отношения, аренда земли, частная собственность на землю, иностранные землепользователи, сельхозпредприятия, долевое участие, иностранцы, инвестиции.

Key words: agro-industrial complex, land relations, land lease, private land ownership, foreign land users, agricultural enterprises, equity participation, foreigners, investments.

Жер реформасын жүзеге асыру кезінен бастап осы уақытқа дейін жер нарығы республикада ерекше орын алып келеді. Жер нарығының қалыптасуы нарықтық қатынастарға көшумен байланысты. Шартты түрде Қазақстанда жер нарығын қалыптастыру және дамыту процесін 6 кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең (1990-1995 ж.) 90-шы жылдардың басында басталды. Бұл кезең нарықтық жағдайларға көшу және жер нарығын қалыптастыру үшін заңнамалық базасын құрастыруымен сипатталады: Қазақстан Республикасының Жер кодексі, Жер реформасы туралы заң, Жер салығы туралы заң. Осылайша, жер реформасын жүзеге асыру үшін құқықтық база құрастырылған, ақылы жер пайдалануды енгізу үшін алғашқы қадамдар, шаруашылықтардың жаңа түрлерін құру үшін жағдайлар жасалды. Сол уақытта жер тек мемлекеттік меншікте болған.

Екінші кезеңде (1995-1996 ж.) елімізде жылжымайтын мүлік және жер нарығын дамытуды реттейтін алғашқы нормативтік-құқықтық актілер пайда болды. Оның ішінде – ҚР Конституциясы (6-бап), ҚР Азаматтық Кодексі (118-бап), "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу және онымен жасалатын мәмілелер туралы (1995 ж.) заң күші бар Жарлығы, "Жер Туралы" заң күші бар Жарлығы, "Шаруа фермер жалықтарды туралы" Заң. Осылайша, елді-мекендердің жер нарығын қалыптастыру үшін барлық жағдайлар жасалған. Осы кезеңде жерге

тұрғын үйлерге қарағанда сұраныс аз болды, жер үлкен сұранысқа және ерекше мәртебеге ие болмады.

Үшінші кезең (1996-2001 жж.) жылжымайтын мүлік нарығындағы белсенділіктің төмендеуімен сипатталады. Бұл аграрлық дағдарыстың басталуымен байланысты. Ол жұмыссыздыққа, халықта ақша тапшылығына, халықтың шетелге, негізінен Германия мен Ресейге жаппай қоныс аударуына әкелді. Кішігірім кәсіпорындар жойылып кетті, орташа және тіпті ірі кәсіпорындар қызмет ету үшін күресіп жатты. Мұның бәрі 1996 ж басында жердің және басқа да жылжымайтын мүлік құнының табиғи төмендеуіне әкелді.

2001 ж екінші жартысынан бастап Қазақстан жылжымайтын мүлік нарығын дамытудың төртінші кезеңі (2001-2007 жж.) – тұрақтандырудың басталу және кейбір қалпына келтіру кезеңі болды. Бұл елдегі макроэкономикалық көрсеткіштердің қолайлы дамуына, әсіресе төмен инфляцияға, теңгенің долларға қатысты тұрақты және шектеулі девальвациясына байланысты болды. Жерге және басқа да жылжымайтын мүлікке сұраныс өсті, олардың бағалары күн сайын артырылған, өйткені жаңа үйлердің, кәсіпорындардың және т.с.с. құрылысы жүріп жатқан.

2007 ж әлемдік экономикалық дағдарысына байланысты жылжымайтын мүлік нарығын дамытудың бесінші кезеңі (2007-20016 жж.) басталды. Осы уақытта банктер несие беруді тоқтатты, сондықтан жылжы-

майтын мүліктің бағалары төмендеді. Дегенмен, бұл дағдарыс аграрлық дағдарысқа қарағанда әлдеқайда жеңіл өтті. Біртіндеп ахуал тұрақтанды, банктер қайтадан несие бере бастады, «Самұрық-Қазына» қоры бөлінбеген қаражат есебінен аяқталмаған үйлер аяқталып жатыр және тұтастай алғанда бағалар дағдарысқа дейінгі жағдайға жақындады.

2016 ж мамыр айынан бастап Қазақстанда жер нарығының дамуының жаңа – алтыншы кезең басталды. Бұл Жер кодексіне кейбір түзетулерді тоқтатумен және 2021 жылдың 31 желтоқсанына дейін мораторий енгізуімен байланысты. Бұл кезең жер нарығын дамытудағы жаңа кезең болып саналады, өйткені ауылшаруашылық жерлерін пайдалану және оларды жалдау туралы маңызды шешімдер қабылданды.

Бұл кезеңнің дамуы келесідей. Жер қатынастары саласындағы сұрақтар арасында мемлекет жерді ұтымды пайдалануға назар аударды. Өйткені босалқы жерлер са-натында топтастырылған 98,4 млн га жер пайдаланылмаған. Бұл жерлер - нарық айналымына қатыса алатын ауыл шаруашылығы жерлерінің резерві болып табылады. Осыған байланысты, ҚР Президенті «Индустрияландыру және экономикалық өсім» деген бес институционалдық реформалардың бірінде Ұлттық жоспар – «100 нақты қадам» – екі тапсырманы (35 және 36 қадам) белгіледі:

1. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін тиімді пайдалану үшін нарықтық айналымына тарту.

2. Жер учаскесінің мақсатының өзгеруін жеңілдету, ауылшаруашылық жерлерін ұдайы мониторингілеу, пайдаланылмаған барлық жерді одан әрі жекешелендіру үшін мемлекеттік қорға беру [1].

Осы жоспарды іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Жер кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Қазақстан Республикасының №389-V 2.11.15 Заңы» (1.07.16 ж. бастап күшіне енуі болуға тиіс) туралы бірқатар нормативтік құжаттар әзірленді. Бұл заң Жер кодексіне түзетулер туралы халықтың наразылығын тудырды. Халықтың кейбір бөлігі шетелдіктерге жеке пайдалануға арналған ауыл шаруашылығы жерлерін сату нормасын қате түсінді. Алайда, бұл норма ҚР Жер кодексінде ешқашан болған емес және ұсынылған заң жобасында болмады. Осыған орай, заң жобасының жаңа ережелерін түсіндіру және 2016 ж маусым айында шешім табу үшін түзетулерге мораторий 31.12.2016 дейін енгізілді және жер реформасы бойынша комиссия құрылды. Комиссия құрамына Парламент депутаттары, Үкіметтің мүшелері, мемлекеттік органдардың, саяси партиялардың өкілдері, аграрлық бизнес, ғалымдар, азаматтық белсенділер және өңірлердегі бір өкілден тұратын 75 адам кірді.

2016 ж қыркүйек айының басында Жер реформасы бойынша комиссия жұмысының қорытындысы жасалды, осы жұмыс нәтижесінде көптеген кемшіліктер анықталды және жекелеген заң жобасын құру үшін ұсыныстар берілді.

Жерлерді жалға беру мәселесіне ерекше назар аударылды. Мұндай заң жобасы дайындалып, 29.11.17 ж. ҚР Парламент Мәжілісінің пленарлық отырысының бірінші қара-ламында мақұлданған болатын. Аталған заң жобасы шетел азаматтарына, азаматтығы жоқ тұлғаларға, шетел азаматтарымен не-се азаматтығы жоқ тұлғалармен некеге тұрған ҚР азаматтарына, шетелдік заңды тұлғаларға және шетелдік үлестік қатысуы бар заңды тұлғаларға шекара маңы аймағында орналасқан ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді беруге тыйым салуды қарастырады.

Дегенмен, мораторийді енгізбес бұрын жерлердің біраз бөлігі шетелдік үлестік қатысуы бар кәсіпорындарға жалға беріліп қойған. Көптеген шетелдік жер пайдаланушыларға қанша жер жалға берілуде деген мәселе қызықтырады. Талдау көрсеткендей, 1.09.16 ж. 102,6 млн га ауылшаруашылық жерінен 1479,4 мың га Қазақстан Республикасының резиденттеріне жеке меншікке СА-тылған, бұл 1,4% құрайды. Осылайша, қалған 101,1 млн. га – мемлекеттің меншігінде, оның ішінде 65,0 мың га шетелдіктердің пайдалануында (1 кесте).

1-кестеден көріп отырғанымыздай, шетелдіктердің ауылшаруашылық жерлерінің ең көп саны Алматы, Жамбыл және Ақмола облыстарында жалға берілген.

Елдер бойынша ауыл шаруашылық жерлері келесі мемлекеттерге жалға берілді (2-кесте).

2-кестеде көрсетілгендей, бүгінгі таңда елімізде 8 шетелдің қатысуымен 10 үлестік бірлескен кәсіпорын құрылған. Олардың барлығы Ақтөбе, Жамбыл және Алматы облыстарында шоғырланған. Жер учаскелерінің ең үлкен көлемі Қырғызстанмен бірлесіп құрылған бірлескен кәсіпорынға берілді - 60,1%, одан кейін Малайзия. Кәсіпорындардың атауларына қарап, Қытай мен Корея монтаждық мақсаттар қолданатыны туралы қорытынды жасауға болады, яғни нысаналы мақсатына сәйкес емес. Мүмкін, оларға тек жайылымдар пайдалануға берілген. Бірақ, оларды ең бірінші оларды ауыл шаруашылығы санаты құрамынан алынып, өнеркәсіп-тік жерлердің санатына көшірілуі керек. Алай-да, құжаттарды көрмей оларды мақсатқа сай пайдаланылмайды деп айтуға болмайды. Дегенмен, жерлерді нысаналы мақсаттына сәйкес және ауыл шаруашылық жерлерін тиімді пайдалану мәселесіне назар аудару керек. Ауыл шаруашылық жерлерінің тиімділігі

Экономика природопользования



мәселесі азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесінде маңызды рөл атқарады [3].

Бірлескен кәсіпорындардан кейін Ресей екінші орында, кейін Кипр. Осы жерлер барлығы мораторий енгізілгенге дейін берілді.

Мораторийдың ұзақ мерзімі (2021 жылға дейін) жер кодексінің нормаларын қайта қарастыру және негізделген ұсыныс-тарды әзірлеу үшін белгіленді. Ең алдымен Жер кодексінің 24-бабын қарастыру керек. Мұнда заңды тұлғаларға - жарғылық капиталдағы шетелдік үлестері бар бірлескен кәсіпорындарға а/ш мақсатындағы жерлерді беруге

рұқсат берілген. Атап айтқанда, Жер кодексінің 24-бабында шетелдіктерге жеке меншік құқығын беру туралы жалпы тыйым белгіленді. Бірақ, мұнда дау-дамай бар - заңды тұлғалар үшін жарғылық капиталдағы шетелдік капиталдың үлесі 50%-дан аспайтын ауыл шаруашылығы алқаптарын сатып алуға болады. Соңында не болуы мүмкін? Жарғылық капиталдағы минималды үлесі бар шетелдіктер отандық ауыл шаруашылық кәсіпорындарын және қазақстандық заңды тұлғалар арқылы «аффилиирлену» схемасын қолданып басқарады.

1-кесте – 2016 ж 1 қыркүйектегі шетелдік жер пайдаланушыларға жалға берілген жер учаскелері

Облыстар атауы	Жалпы ауданы, мың.га	Шетелдіктерге жалға берілген ауыл шаруашылық алқаптарының алаңы, мың гектар	Шетелдіктерге жалға берілген ауыл шаруашылығы жерлерінің үлесі, %
Ақмола	14 621,9	9,0	0,06
Ақтөбе	30 062,9	2,0	0,007
Алматы	22 356,0	29,7	0,13
Атырау	11 863,1	-	-
Шығыс Қазақстан	28 322,6	0,3	0,001
Жамбыл	14 426,4	13,4	0,09
Батыс Қазақстан	15 133,9	8,2	0,05
Қарағанды	42 798,2	0,03	0,00007
Қызылорда	22 601,9	-	-
Қостанай	19 600,1	1,5	0,008
Манғыстау	16 564,2	-	-
Павлодар	12 475,5	-	-
Солтүстік Қазақстан	9 799,3	-	-
Оңтүстік Қазақстан	11 724,9	0,8	0,007
Алматы қ.	68,3	0,05	0,07
Астана қ.	71,0	0,06	0,08
Барлығы	272 490,2	65,0	0,024

Ескерту: <http://ibirzha.kz/osnovnye-novovvedeniya-v-zemelnij-kodeks-rk/> [2]

2 кесте - Шет мемлекеттерге жалға берілген ауылшаруашылық жерлерінің ауданы

Мемлекет атауы	Жалға берілген ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлердің ауданы, га	Үлес салмағы, %
Бірлескен кәсіпорындар	44942	69,1
Қазақстан-Германия «Көктас-Ақтөбе» АҚ (Ақтөбе облысы)	2766,5	6,2
«Қазақстан-Ресей LAD» ЖШС (Ақтөбе облысы)	1,6	0,004
Қазақстан-Қырғызстан «Сүт тарихы» АҚ (Ақтөбе облысы)	27 000,0	60,1
Қазақстан-Қытай «Ассамблеясы және құрылысы» (Ақтөбе облысы)	0,4	0,0009
Қазақстан-Малайзия ЖШС «SMRAT AGRO KARKARA» (Жамбыл облысы)	11 083,8	24,7
Қазақстан-Малайзия ЖШС «KAZ-ir Agro» (Жамбыл облысы)	2482,0	5,5
Қазақстан-Біріккен Араб Әмірліктері ЖШС Аксункар-Өл-Сакр (Алматы облысы)	1000,0	2,2
Қазақстан-Корея ЖШС «Монтажник» (Алматы облысы)	331,9	0,7
Қазақстан-Ливан «Руби РОЗаГрикол» ЖШС (Алматы)	231,8	0,5



облысы)		
Қазақстан-Германия «Asiagroup» ЖШС (Алматы облысы)	44,0	0,1
РФ	10236	15,7
КИПР	7959	12,2
АҚШ	432	0,7
Германия	294	0,4
Қытай	282	0,4
Біріккен Араб Әмірліктері	859	1,4
Польша	45	0,07
Түркия	7	0,01
Беларусь	0,4	0,0006
Украина	0,4	0,0006
Австралия	0,2	0,0003
Израиль	0,1	0,0002
Иран	0,1	0,0002
Армения	0,4	0,0006
Өзбекстан	0,2	0,0003
Оңтүстік Африка	0,2	0,0003
Молдова	0,1	0,0002
Бразилия	0,1	0,0002
Латвия	0,1	0,0002
Барлығы	65058,3	100
Ескерту: http://ibirzha.kz/osnovnye-novovvedeniya-v-zemelnyj-kodeks-rk/ [2]		

Бұған жол бермеу үшін белгілі аграрлық ғалым Сағадиев К.А. жер учаскелерін жеке меншікке беру нормаларын күшейту және көршілес мемлекеттерге жалға беруге тыйым салу мақсатында жер Кодексін қайта қарау қажеттігі туралы өз пікірін білдірді [4]. Оның пікірінше, Қазақстан Республикасының Жер кодексінің нашар дамуы салдарынан шетелдіктер жеке меншіктегі жерді сатып алу үшін «бос орындар» таба алады.

Ауылшаруашылық жерлерін мемлекеттік шекараға жақын шоғырландыру шетелдіктерге, бақылаусыз көші-қонға немесе осындай стратегиялық бағыттардағы тұрғын үй-лерді жасанды түрде қалыптастыруға ық-палын тигізеді. Бұл - тәуекел түрі. Дегенмен, мемлекеттік шекара аймағында ауыл шаруашылығы жерлерін беруді шектейтін нормалар жоқ, 3 км зонаны анықтайтын айқын өлшемдер мен параметрлер анықталмаған, табиғи аймақтарға (мысалы, ауыл шаруашылық жерлерін таулармен жалғастырған кезде) байланысы жоқ. Сонымен қатар, ше-каралас жерлерде жер учаскелерін иеленетін адамдармен не істеу керектігін шешу қажет.

Жалпы, шекаралас аудандарда ауыл шаруашылығы алқаптарын берудің талаптарын қатаңдату, олардың шекарасын мемлекеттік шекарасынан анықтау қажет.

Осылайша, республиканың жер саясаты, әсіресе шетелдіктерге ауыл шаруашылық жерлерін беру бойынша одан әрі жетілдіруді талап етеді деп қорытынды жасауға болады. Бұл жағдайда экономикалық жағын ескеру қажет, яғни, шетелдіктерге ауыл шаруашылығына және агроөнеркәсіп кешеніне нақты

талаптар қойып инвестицияларды тартудың қосымша құралы ретінде қарастыру қажет [5].

Жоғарыда айтылғандарға қарағанда, Қазақстан жер нарығын дамытудағы жаңа, қиын кезең басталды. Барлық даулы мәселелерді дұрыс шеше отырып, пайдаланылмаған жерді ауыл шаруашылығында айна-лымға тарту және сонымен қатар шетелдіктердің инвестицияларын тарта отырып, ауыл шаруашылық жерлерін ұтымды пайдалануда дұрыс қадам жасауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Назарбаев Н.А. План нации - 100 конкретных шагов по реализации пяти институциональных реформ Главы государства Нурсултана Назарбаева. – Астана, 2015.

2 Спиридонов Д. Основные нововведения в Земельный кодекс РК [Электронный ресурс]. – 2016. - URL: <http://ibirzha.kz/osnovnye-novovvedeniya-v-zemelnyj-kodeks-rk/> (дата обращения: 15.11.2017).

3 Молдашев А.Б. АПК Казахстана: Проблемы развития и поиск их решения // Проблемы агорынка. -2016.- №3. – С. 7-13.

4 Сағадиев К.А. О запрете аренды земель РК соседними странами. [Электронный ресурс]. – 2016. - URL: <http://ibirzha.kz/sagadiev-vystupil-za-zapret-arendy-zemel-v-rk-sosednimi-stranami/> (дата обращения:15.11..2017).

5 Т. Таиров, Yu. Khan, G. Kurmanova, Sh. Kantarbayeva, V. Alpyssova. Public Administration in the Agricultural Sector of Kazakhstan // Journal Espacios.- 2017.- Vol. 38(44).-PP.29-43.

Pajdalanylran ədebietter tizimi

1 Nazarbaev N.A. Plan nacji - 100 konkretnyh shagov po realizacii pjati institucional'nyh reform Glavy gosudarstva Nursultana Nazarbaeva. – Astana, 2015.

2 Spiridonov D. Osnovnye novovvedeniya v Zemel'nyj kodeks RK [Jelektronnyj resurs]. – 2016. - URL: <http://ibirzha.kz/osnovnye-novovvedeniya-v-zemelnyj-kodeks-rk/> (data obrashhenija: 15.11.2017).

3 Moldashev A.B. APK Kazahstana: Problemy razvitija i poisk ih reshenija // Problemy agrorynka. -2016.- №3. – S. 7-13.

4 Sagadiev K.A. O zaprete arendy zemel' RK sosednimi stranami. [Jelektronnyj resurs]. – 2016. - URL: <http://ibirzha.kz/sagadiev-vystupil-za-zapret-arendy-zemel-v-rk-sosednimi-stranami/> (data obrashhenija:15.11..2017).

5 T. Taipov, Yu. Khan, G. Kurmanova, Sh. Kantarbayeva, V. Alpyssova. Public Administration in the Agricultural Sector of Kazakh-stan // Journal Espacios.- 2017.- Vol. 38(44).-PP.29-43.

